

Тақырыбы:Туберкулез.

Орындаған: Иззатуллаев Ш
Тексерген.Сергожаева

0 Туберкулез

Туберкулез ауруы — асқынған кезде соңы адам өліміне дейін соқтыруы мүмкін күрделі жұқпалы ауру. Туберкулезді зерттейтін медицинаның саласын фтизиатрия деп атайды. ХІХ ғасырдың соңында неміс дәрігері Г.Кох туберкулёзді тудыратын микробактерияны (туберкулёз таяқшасын) тапты.

Генрих Герман Роберт Кох



Күйдіргі, тырысқақ және туберкулез таяқшасын зерттеген. 1905 жылы құрт ауруын зерттегені үшін Нобел сыйлығымен марапатталған. 1862 жылы Геттинген университетіне түскен, ол жерде физика, биология және медицина салаларын оқып шыққан. Кохтың атақты шәкірттері Йоханнес Фибигер, Август Вассерман, Джон Аддисон Фордайс болған. 27 мамыр 1910 жылы (66 жас) Баден-Баденде жүрек ұстамасынан қайтыс болған.

Әлемдегі әрбір үшінші адамда туберкулез бактериялары болады. Бұл індетпен ауыратын адамдардың басым бөлігін абақтыны мекен етушілер, нашақорлар, үйсіз жүрген қаңғыбастар, жезөкшелер мен шеттен келген келімсектер құрайды. Алайда, соңғы кездері әлеуметтік жағдайы жақсы адамдардың арасында да туберкулезге шалдығушылар саны артуда. Жоғарыда аталған адамдардан кейін олармен жақын қатынаста болған адамдар — абақты қызметкерлері, дәрігерлер, әлеуметтік сауықтыру орталығындағы қызметкерлер және науқас адаммен бірге тұратын туған-туыстары.

0 Туберкулез таяқшалары әр түрлі органдарды, көбінесе өкпені зақымдайды. Аурудың біліну сипаты туберкулездің түріне, науқастың жасына, организмнің жалпы жағдайына байланысты

KazMedic.kz



Сау адам өкпесі



Шылым шегуші өкпесі

Ауруды анықтау түрі




- 0 Ауруды әр түрлі әдіспен анықтайды. Туберкулезді ертерек анықтау мақсатымен балаларға тері астына дәрі жіберіп, жаппай тексеру жүргізіледі (Манту реакциясы). Халықты жаппай флюорографиялық (рентгенологиялық жолмен) тексерудің маңызы зор.

Тұрғындарға туберкулезге қарсы көмек көрсетудің сапасын арттыру үшін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының «EndTB» стратегиясы негізінде, 2016-2025 жылдарға арналған туберкулезді интеграциялық бақылау Моделі даярланды. Ол «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын негізге алады. ДДСҰ мен Туберкулезбен күрес халықаралық одағының саясатына сәйкес, аурумен күресу шаралары медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсету деңгейінде жүргізілмек.

Интеграциялық модель – Туберкулезге қарсы облыстық (қалалық, аймақтық) диспансерлер деңгейіндегі барлық туберкулезге қарсы ұйымдарды (ТҚҰ) орталықтандыру арқылы вертикалды (сатылы) біріктіруді және горизонталды (деңгейлік) біріктіруді көздейді. Горизонталды біріктіру – ТҚҰ-ның барлық диспансерлік бөлімдерін (тубкабинеттерді) алғашқы медициналық-әлеуметтік көмек көрсетудің заңды иелігіне тапсыру. Интеграция алғашқы медициналық-әлеуметтік көмек көрсету мекемелерінің жұмысын күшейтіп, жауапкершілігінің артуына алып келеді. Сондай-ақ, көпдәріге төзімді туберкулездің азаюына әсер етіп, ауруларды басқару бағдарламасы негізінде туберкулезге шалдыққан науқасқа мульти-дисциплинарлы проактивті түрде көмек көрсетілуін қамтамасыз етпек.

Қазақстан Республикасында алғаш рет
анықталған-58,5

1. Атырау-78,6
2. СҚО-74,8
3. Ақмола-72,5
4. Қызылорда-72,3
5. Қостанай-65,5



НАЗАР АУДАРҒАНЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!